ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 21 шілде № 4360-23-00-2/1406 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Раушан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Раушан Қажмұханқызы Әбенова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер «Раушан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Раушан Қажмұханқызы Әбеноваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Раушан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Раушан Қажмұханқызы Әбенова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Раушан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Раушан Қажмұханқызы Әбеновадан талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының пайдасына 2 498 (екі мың

төрт жүз тоқсан сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 75 (жетпіс бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Раушан» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Раушан Қажмұханқызы Әбеновадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 22.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 01.09.2023, судья Әбілқайысқызы А., 01.09.2023

4360-23-3-1/1525